


Пайдаланушы нұсқаулығына ҚОСЫМША



1. Кірістірілген литий батареясын зарядтауға қатысты ескертпелер

Құрылғыңызда кірістірілген литий батареялары бар екенін ескеріңіз. Литий батареяларының зарядтау сыйымдылығы уақыт өте келе өздігінен разрядталу қасиеттеріне байланысты азаяды. Құрылғының батареясының ұзақ қызмет етуін қамтамасыз ету үшін құрылғы пайдаланылмаған кезде әрбір 6 ай сайын кірістірілген литий батареясын шамамен 50% зарядтауды ұсынамыз.

2. Bluetooth арқылы жұптастыру

 *Ескертпе: Play-Fi CAP жүйесінің 506.3.0.063 немесе 506.3.0.077 нұсқасы бар бұл құрылғыны пайдалану үшін Bluetooth арқылы жұптастырмай тұрып Play-fi/Wi-Fi байланысының параметрлерін реттеу және оның жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету қажет. Өнімді бірінші рет пайдаланған кезде Play-fi/Wi-Fi параметрлерін реттеу үшін пайдаланушы нұсқаулығындағы "Wi-Fi (сымсыз байланыс) желісіне қосу" бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.*

Bluetooth арқылы жұптастыру процедурасы:

1. Құрылғыны Bluetooth көзіне қосыңыз.
2. Қашықтан басқару пультіндегі Сигнал көзі түймесін  3 секундтан артық басып тұрыңыз. Болмаса, BT PAIR таңдау үшін параметрлер мәзірі  түймесін басыңыз және іске қосу үшін > түймесін басыңыз.
3. Телефондағы/планшеттегі қолжетімді құрылғылар тізімінен XXXXX-BT деп аталатын құрылғыны табыңыз (XXXXXX – бұл Play-Fi реттеу кезінде таңдалған атау).
4. Тізімнен XXXXX-BT атауын таңдап, Bluetooth байланысы орнатылғанша күтіңіз. Ол әдетте 1-2 секундта орнатылады.